



ВИЧ-инфекциясы проблемаларын шешудегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 ақпан N 319

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында жасалған ВИЧ-инфекциясы проблемаларын шешудегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ВИЧ-инфекция проблемаларын шешу ісіндегі
ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Осы Келісімнің қатысушылары - Мемлекеттер, Үкіметтің тұрғысында (әрі қарай - Тараптар),

адамның имунтапшылығы вирусін туғызатын аурулар (әрі қарай - ВИЧ-инфекция), бүкіл әлемде жаппай етек алғанын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық ұлттық қауіпсіздігіне қатер туғызатынын, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық зардаптарға соқтыратынын мойындай отырып,

визасыз тәртіп пен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде белсенді миграциялық процестер жүруі жағдайындағы проблеманың әлеуметтік ерекше маңыздылығын ескере отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы әрбір мемлекетте

ВИЧ-инфекциялардың алдын алу бағдарламалары ұлттық мүдделерді есепке ала жүзеге асырылатындығын ескере отырып,

ВИЧ-инфекцияларды кешенді алдын алудың уақтылы, тиімді шараларын қолдану және тұрғындардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін келісілген шаралар қабылдау қажеттігін растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдердің мәні:
ВИЧ-инфекция - адамның иммунитетінің вирусы туғызатын аурулар;
ВИЧ-инфекцияланғандар - адамның иммунитетінің вирусын жұқтырғандар;
СПИД - еңбекке жарамсыз кезеңіндегі ВИЧ-инфекция;
Уақытша келген мемлекет - бұл мемлекеттің азаматы болып табылмайтын пациентке медициналық қызмет көрсетуші мемлекет.

2-бап

Тараптар ВИЧ-инфекцияланған және СПИД-пен ауырған Достастыққа қатысушы мемлекеттердің азаматтарына 1997 жылғы 27 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісімге сәйкес медициналық көмек көрсетеді.

3-бап

Тараптар, ВИЧ-инфекциялардың алдын алуды қамтамасыз ету үшін қабылданатын шешімдерге толық дербестікте іс-қимылдарын үйлестіреді.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің территорияларында ВИЧ-инфекциялардың таралуына эпидемиологиялық бақылауды жетілдіру шараларын қабылдайды.

5-бап

Тараптар медициналық манипуляциялардың, донор қанының, медициналық иммунобиологиялық препараттардың, биологиялық сұйықтардың, органдар мен ұлпалардың қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз етеді.

6-бап

Тараптар ВИЧ-инфекцияларды анықтау үшін қолайлы және тегін

медициналық куәландыру кепілдігін азаматтығына қарамастан барлық тұлғаларға береді.

ВИЧ-инфекцияларды анықтау үшін медициналық куәландыруды Тараптар мемлекеттерінің заңдарында көрсетілген кейбір жағдайлардан басқасын құпия және ерікті принцип негізінде өкілетті медициналық мекемелер жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар, өкілетті органдар ретінде куәландырылатын тұлға үшін де, куәландыруды жүргізуші тұлға үшін де медициналық куәландырудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

8-бап

Тараптар ВИЧ-инфекцияланған азаматтардың Ұлттық заңдарына сәйкес

барлық құқықтары мен еріктерінің сақталатындығына кепілдік береді.

Уақытша келген мемлекетте тұратын азаматтардың, оларда ВИЧ-инфекцияның болуына байланысты құқықтары мен еріктеріне тек ВИЧ-инфекцияланғандар тұрып жатқан мемлекеттің заңдарымен ғана шек қойылуы мүмкін.

9-бап

Тараптар, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің азаматтарына Тараптар территорияларына кедергісіз, ВИЧ-инфекцияның жоқ екендігін растайтын сертификатты көрсетпей-ақ кіруіне кепілдік береді.

10-бап

Тараптар өз мемлекетінің территориясында ВИЧ-инфекцияланғандардың анықталғандығы туралы, осы тұлғалар азаматтары болып табылатын басқа

Тараптарға жедел хабарлайды.

11-бап

Тараптар ВИЧ-инфекциясы проблемасы жөніндегі ұлттық заңдардың жақындасуына қажетті шаралар қабылдайды, сондай-ақ жаңа ұлттық нормативтік-құқықтық актілер туралы бір-біріне уақытында хабарлайды

12-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған ВИЧ-инфекцияның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық бағдарламасы қабылданады (қоса беріліп отыр).

Бұл Бағдарлама осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және ВИЧ-инфекциялардың алдын алу жөніндегі ұлттық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

13-бап

Тараптар бірлескен бағдарламалар, жобалар мен әзірлемелердің қатысушыларына тең құқықты кепілдендіретін қажетті жағдай жасайды, тұрақты байланыс, кеңес және ВИЧ-инфекция проблемалармен айналысатын ұйымдар арасындағы тікелей қарым-қатынасты орнықтыруға мүмкіндік жасайды.

14-бап

Тараптар қабылданған келісімдерге сәйкес кадрлардың дайындығын, біліктілігін көтеруді және ВИЧ-инфекция проблемаларымен айналысатын мамандар алмасуды ұйымдастырады.

15-бап

Тараптар ВИЧ-инфекцияның алдын алудың қажетті шаралары туралы тұрғындарға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрақты хабарлап отыруды қамтамасыз етеді.

16-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өздерінің ұлттық бағдарламаларының шеңберінде 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған ВИЧ-инфекцияның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыстарын қаржыландыруды қамтамсыз етеді.

17-бап

Осы Келісім оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді, ал оның

күшіне енуі үшін заңдары мемлекетішілік процедураларды орындауды талап ететін мемлекеттер үшін - тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен басталады.

Мұндай процедураларды орындаудың қажеттілігін Тараптар осы Келісімге қол қойған күннен бастап үш айдың ішінде депозитарийға хабарлайды.

18-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл мерзім бойы қолданыста болады. Бұл мерзім өткен соң, егер Тараптар басқадай шешім қабылдаса, Келісім әр жолы 5 жылдық кезеңге өз-өзінен ұзарып отырады.

19-бап

Келісімнің қолданылу барысында туындаған қаржылық немесе басқа міндеттерді тәртіптеп, шығардан алты ай бұрын ол туралы депозитарийға жазбаша хабарлама жасай отырып, әрбір Тарап осы Келісімнен шыға алады

20-бап

Осы Келісім, оның мақсаттары мен принциптерін және осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын басқа мемлекеттерді осындай қосылуға құжаттарын депозитарийға беру жолымен қосылу үшін ашық.

1998 жылдың 25 қарашасында Мәскеу Қаласында орыс тілінде бір

түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке Келісімнің куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариатында сақталады.

Әзірбайжан Республикасы Молдова Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасы Ресей Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы Тәжікстан Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін Түркіменстан Республикасы

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы Украина Республикасы

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мәскеу - 25.11.98

ВИЧ-инфекциясы
проблемаларын шешу
ісіндегі ынтымақтастық
туралы Келісімге
Қосымша

1998 жылғы 25 қараша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің ВИЧ-инфекциясының алдын алу
және емдеу саласындағы ынтымақтастықтың
2005 жылға дейінгі кезеңге арналған
мемлекетаралық бағдарламасы

Мәскеу - 25.11.98

Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарламаның аты - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің ВИЧ-инфекцияның алдын алу
және емдеу саласындағы ынтымақтастықтың

2005 жылға дейінгі кезеңге арналған

мемлекетаралық бағдарламасы

Бағдарлама даярлау үшін негіз - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі

Кеңесінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі шешімі

Мемлекеттік тапсырыс берушілер - Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Денсаулық сақтау министрліктері немесе

денсаулық сақтаудың өзге орталық органдары

Бағдарламаны негізгі даярлаушы - Беларусь Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Ресей Федерациясы Денсаулық

сақтау министрлігі

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері - Достастыққа қатысушы мемлекеттерде ВИЧ-инфекцияның таралуының алдын алу; ВИЧ-

инфекцияның алдын алуды құқықтық қамтамасыз

етуді жүйелеу, тұрғындарды ақпараттау жүйесін

дамыту, ғылыми-зерттеу әзірлемелерін жүргізу,

кадр дайындау жөніндегі Достастыққа қатысушы

мемлекеттердің күштерін біріктіру

Бағдарламаны негізгі орындаушылар - Достастыққа қатысушы мемлекеттердің министрліктері мен ведомстволары

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі - 1998-2005 жылдар

Бағдарламаны қаржыландыру - Достастыққа қатысушы мемлекеттер бюджеттерінің есебінен, меншік түріне

қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар мен

мекемелердің қоғамдық бірлестіктердің және

Достастыққа қатысушы мемлекеттер

азаматтарының ерікті жарнасы, жәрдемдер,

қайырымдылық көмек, сондай-ақ халықаралық

қорлардың қаржысы есебінен

Бағдарламаны жүзеге асыру. - Достастыққа қатысушы мемлекеттердің күтілетін нәтижелері территорияларында ВИЧ-инфекцияның таралуының

өсуі қарқынын тежеу, ауруларды емдеу

шығындарын азайту, еңбек шығынын кеміту

Бағдарламаның орындалуын бақылау жүйесі - Бақылау қызметтерін Экономикалық Одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті,

Достастықтың денсаулық сақтау саласындағы

ынтымақтастық жөніндегі Кеңесінің ВИЧ-

инфекция проблемалары жөніндегі үйлестіру

кеңесі орындайды

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттердің ВИЧ-инфекциясының алдын алу
және емдеу саласындағы ынтымақтастықтың
2005 жылға дейінгі кезеңге арналған
мемлекетаралық бағдарламасы

N ! Шараның аты ! Орындау ! Орындаушы
р/! ! мерзімі !
с ! ! !

- 1 ВИЧ-инфекцияны диагностикалау мен емдеудің перспективалық жұмыстарын жасаудың ғылыми-іздігіру бағдарламасын даярлау және іске асыру 1999-2000 Ғылым Академиялары, Денсаулық сақтау министрліктері Достастыққа қатысушы мемлекеттердің ден. саулық сақтауды басқаратын басқа да орталық органдары
- 2 ВИЧ-инфекцияның нашақорлар арасында таралуының алдын алу жөніндегі үйлес. тірілген шараларды даярлау 1998-2000 Денсақминдер және басқа денсаулық сақ. тауды басқарудың орталық органдары, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің ПМ-і
- 3 Медициналық қолдануға арналған бұйымдарды стерильдеу мен дезинфекциялау бойынша мемлекетаралық стандарт даярлау 1999 ж. Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Денсақминдері және басқа денсаулық сақ. тауды басқарудың орталық органдары
- 4 Кадрлар дайындау, олардың біліктілігін көтеру және ВИЧ-инфекция проблемаларымен айналысып жүрген мамандармен алмасу жөніндегі көп жақты және екі жақты келісімдер жасасу 1998-2000 Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Денсақминдері және басқа денсаулық сақ. тауды басқарудың орталық органдары

5 Бақылаудың мемлекеттік қызметі жұмы. 1999-2000 Әділминдер, денсақмин.
сына пайдалану мақсатында Достастыққа дер және басқа денсау.
қатысушы мемлекеттердегі ВИЧ-инфекция лық сақтауды басқару.
проблемалары жөніндегі заңдардың дың орталық органда.
тәжірибесін зерттеу ры

6 Достастыққа қатысушы мемлекеттердегі 1999-2001 денсақминдер және
ВИЧ-инфекцияның таралуын эпидемиоло. басқа денсаулық
гиялық бақылаудың бірыңғай компьютер. сақтауды басқарудың
лік ақпараттық-талдау жүйесін даярлау орталық органдары,
Достастыққа қаты.
сушы мемлекеттердің
мемлекеттік статис.
тикалық органдары,
информациялау сала.
сындағы саясатқа
жауап беруші атқарушы
билік органдары

7 ВИЧ-инфекцияның алдын алудың қолайлы
шаралары туралы тұрғындарға ақпарат
беру жүйесін дамыту:

- өтеусіз негізде алмасу:

тұрғындардың түрлі топтары үшін 1998-2005 Достастыққа қатысушы
ақпараттық-нәсихаттық материалдармен, мемлекеттердің денсақ.
салауатты өмір салтын, ВИЧ-инфекция. миндер және басқа ден.
сының алдын алуды насихаттау жөніндегі саулық сақтауды басқа.
жасөспірімдер мен жастар үшін оқу рудың орталық орган.
бағдарламаларымен дары, Білім министр.

ліктері

ұлттық телевизия мен радио, сондай-ақ 1998-2005 Достастыққа қатысушы
Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпа. мемлекеттердің теле.
ниясы каналдары бойынша трансляциялау визия мен радиосы,
үшін тақырыптық видеофильмдермен, ви. мемлекетаралық "Мир"
деоклиптермен, теле, радио-бағдарла. телерадиокомпаниясы
малармен

- денсаулық сақтау қызметкерлерінің, 1998-2005 Достастыққа қатысушы
ғылым, қоғамдық қайраткерлердің пресс- мемлекеттердің Денсақ.

релиздерін, баспасөздегі жариялымдарын, миндер және басқа ден.
телевизия және радиодан сөз сөйлеуді саулық сақтауды басқа.
дайындау рудың орталық орган.

дары

8 ВИЧ-инфекция проблемасы жөнінде 1999 Ресей Федерациясының
халықаралық конференция өткізу Денсақмині

Ұсынылып отырған мәтін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшылары Кеңесінің 1998 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында өткен отырысында қабылданған ВИЧ-инфекция проблемаларын шешу ісіндегі ынтымақтастық туралы Келісімнің түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Секретариатында сақтаулы.

Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы атқарушы
хатшысының бірінші
орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.